апталық облыстық ақпаратты-жарнамалық газеті * еженедельная областная информационно-рекламная газета

ПРИОЗЁРСКИЙ Вестник

18+

газета издается с 26.06.2004 года

№ 13/709

02 апреля 2021 года

# «МЕРЕЙЛІ ОТБАСЫ» ҰЛТТЫҚ КОНКУРСЫН ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ

**Мемлекет басшысының Жарлығына сәйкес өнегелі құндылықтарды жаңғыртуға және отбасы мен некенің (ерлі-зайыптылықтың) жағымды үлгісін таратуға, отбасы мәртебесін арттыруға бағытталған «Мерейлі отбасы» конкурсын өткізу жарияланды.**

**Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 6 желтоқсандағы № 250 өкімімен бекітілген конкурстың ережесіне сәйкес «Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсы аудандық (қалалық), өңірлік және ұлттық кезеңдерде өтеді.**

**Конкурсқа қатысуға өтінімдер қалалық және аудандық әкімдіктерге 2021 жылғы сәуірдің 1-нен 30-на дейін беріледі.**

## «МЕРЕЙЛІ ОТБАСЫ» КОНКУРСЫН ӨТКІЗУ ЕРЕЖЕЛЕРІ

**1. Жалпы ережелер**

1.«Мерейлі отбасы» конкурсы (бұдан әрі – конкурс) өнегелі құндылықтарды жаңғыртуға және отбасы мен некенің (ерлі-зайыптылықтың) жағымды үлгісін таратуға, отбасы мәртебесін арттыруға бағытталған Ұлттық конкурс шеңберінде өткізіледі.

Конкурсты өткізудің мақсаттары:

1)отбасы институтын, адамгершілікті, руханилықты нығайту, жауапты ерлі-зайыптылықтың маңызын тану;

2)ата-аналардың бала тәрбиелеудегі жауапкершілігін арттыру;

3)отбасылық құндылықтарды, кәмелетке толған балаларының еңбекке қабілетсіз және егде жастағы ата-аналарына қамқор болуын дәріптеу және кеңінен насихаттау;

4)қазақстандық отбасының жағымды имиджін насихаттау.

2.Конкурсқа отбасылар (бұдан әрі – үміткерлер) қатысады. Конкурс Қарағанды облысының бүкіл аумағында ашық нысанда өткізіледі.

3.Конкурс жеңімпаздары (1 және 2 орын) өңірлік комиссия төрағалары, қалалар мен аудандар әкімдері ұсынған өтінімдер негізінде облыстық комиссияның шешімімен анықталады.

4.Конкурсқа қатысуға отбасы мүшелерінің еңбекте, спортта, шығармашылық, зияткерлік, ғылыми жоғары жетістіктері бар отбасылар жіберіледі.

5.Мыналар:

1)қызметі Қазақстан Республикасының аумағында тыйым салынған ұйымдардың құрамына кіретін (кірген) мүшелері бар;

2)бұрын сотталған мүшелері бар отбасылар конкурсқа қатыса алмайды.

**2. Конкурсты ұйымдастыру тәртібі**

6. Конкурстың ұйымдастырушылары облыстық әйелдер істері және отбасы – демографиялық саясат қомиссиясының көмегімен Ішкі саясат басқармасы болып табылады.

Конкурсты ұйымдастырушылар «Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсын ұйымдастыру және өткізу бойынша жұмысты үйлестіру мақсатында конкурсты дайындау және өткізу және конкурстың республикалық кезеңіне жеңімпазды ұсыну жөніндегі ұйымдастыру комитетін құрады.

7.Конкурс өткізу туралы хабарландыру сәуірдің 2 – 17 аралығында республикалық және өңірлік бұқаралық ақпарат құралдарында орналастырылады.

8.Конкурс үш кезеңде өткізіледі. Бірінші кезең – аудандық (қалалық), екінші – өңірлік, үшінші – ұлттық.

9.Жергілікті атқарушы органдар өңірлік деңгейдегі «Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсының жеңімпаздарын айқындау бойынша өңірлік, аудандық (қалалық) комиссиялар құрады, сондай-ақ комиссия туралы ережені және іріктеу критерийлерін бекітеді.

10.Конкурсқа қатысуға өтінім (осы Қағидаларға қосымшаға сәйкес нысан бойынша) аудандық (қалалық) комиссияға жыл сайын конкурстың басталғаны туралы көпшілікке жариялаған күннен бастап бір ай ішінде мынадай құжаттармен бірге беріледі:

1)ата-аналардың (қорғаншылардың, қамқоршылардың) жеке басын куәландыратын құжаттардың көшірмелері, балалардың туу туралы куәліктерінің көшірмелері;

2)асырап алушы (қорғаншы) отбасылар үшін — жергілікті уәкілетті органның кәмелетке толмаған балаға қорғаншылықты (қамқоршылықты) белгілеу туралы шешімінен үзінді көшірме;

3)неке қию туралы куәліктің көшірмесі;

4)ата-аналарының біреуі қайтыс болған жағдайда, қайтыс болу туралы куәліктің көшірмесі (бар болса);

5)балаларды тәрбиелегені үшін алған көтермелеулердің, белгілі бір жетістіктері үшін алған көтермелеулердің бар екенін куәландыратын құжаттардың көшірмелері;

6)заңды және (немесе) жеке тұлғалардың ұсыным хаттары (кемінде екеу);

7)отбасы мүшелерінің еңбектегі, спорттағы, шығармашылық, зияткерлік, ғылыми жоғары жетістіктерін куәландыратын құжаттардың көшірмелері;

8)қоғамдық пайдалы қызметке (волонтерлік, қайырымдылық, меценаттық, тәлімгерлік) қатысуды растайтын құжаттардың көшірмелері;

9) дербес деректерді жинауға және өңдеуге келісім.

Ұсынылатын құжаттардың көшірмелерін үміткерлер ұсынған түпнұсқалар негізінде аудандық (қалалық) комиссияның төрағасы куәландырады.

11.Құжаттарды көрсетілген мерзімнен кейін ұсынған үміткерлер конкурсқа қатысуға жіберілмейді.

12.Аудандық (қалалық) комиссияға ұсынылған құжаттар қайтарылмайды.

13. Ұйымдастырушылар:

1)барлық үміткерлерге тең жағдайды;

2)жеке құпия болып табылатын ақпараттың жасырын болуын;

3)конкурс нәтижелері туралы мәліметтердің ресми жарияланатын күнінен бұрын таралып кетпеуін қамтамасыз етеді.

14.Аудандық (қалалық) комиссия алынған ақпаратты жан-жақты тексергеннен кейін аудандар (қалалар) әкімдерімен келісілген екі қатысушының (отбасының) конкурстық материалдарын 15 мамырға дейін өңірлік комиссияларға жібереді.

15.Өңірлік комиссиялар бір үздік отбасын іріктеп алады, қажет болған жағдайда ұсынылған материалдарға қосымша тексеру жүргізіп, облыс әкімімен келісілген өз шешімдерін осы Ереженің 10-тармағында көзделген құжаттар топтамасымен бірге, жыл сайын 30 мамырға дейін «Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсының лауреаты атағын беру жөніндегі комиссияға (бұдан әрі – комиссия) жібереді.

16.Комиссиялар үздік отбасыларды айқындау туралы шешім қабылдау кезінде мынадай критерийлерді басшылыққа алады:

1)отбасы мүшелері жетістіктерінің саны мен маңызы (отбасы тарихы визит карточкасы — таныстыру рәсімі);

2)отбасылық дәстүрлер және жәдігерлер;

3)отбасының рухани-адамгершілік құндылықтары;

4)балаларының және немерелерінің жетістіктері (бар болса);

5)ата-аналарының үлгі тұтарлықтай жетістіктері;

6)отбасы құрамы (отбасы мүшелерін саны – бір аумақта бірге тұрып жатқан бірнеше ұрпақтың өкілдері);

7)отбасының дарындары;

8)отбасының өмір сүру салты (саламатты өмір салты, бос уақыты);

9)қоғамдық-пайдалы қызметке (волонтерлікке, қайырымдылыққа, меценаттыққа) қатысуы;

17.Комиссияның әрбір мүшесі үміткерлерді балдық жүйе бойынша бағалайды (1-ден 10-ға дейін).

Өлшемшарттардың бірі бойынша ақпарат болмаған жағдайда, аталған өлшемшарт бағаланбайды.

Ең көп балл жинаған отбасы конкурстың келесі кезеңіне өтеді.

Балдардың жалпы саны тең болған жағдайда, түпкілікті шешім ашық дауыс беру арқылы қабылданады.

18. Жеңімпаз - үміткерлер отбасына ұлттық конкурстың лауреаты атағы тағайындау бойынша «Мерейлі отбасы» лауреаты атағы беріледі, диплом және бағалы сыйлық ұсынылады.

19.Конкурс лауреатын марапаттау рәсімі жыл сайын салтанатты түрде өткізіледі.

20.Конкурсқа қатысушылар туралы ақпарат өңірлік және республикалық бұқаралық ақпарат құралдарында, сондай-ақ конкурсты ұйымдастырушылардың.

21.Конкурс лауреаты атағын қайталап беруге жол берілмейді.

«Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсын
өткізу қағидаларына
**қосымша**

## «МЕРЕЙЛІ ОТБАСЫ» ҰЛТТЫҚ КОНКУРСЫНА ҚАТЫСУҒА АРНАЛҒАН ӨТІНІМ

**1.**Отбасы құрамы:

| Р\с № | Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) | Туыстық дәрежесі | Туған күні (күні, айы, жылы) | Жұмыс, оқу орны, қызмет түрі, лауазымы | Тұрғылықты мекен жайы, байланыс телефоны |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | |

**2**.Отбасылық өмір тәжірибесі ____________________________________

**3**.Отбасы тарихын сипаттау (отбасылық дәстүрлер, құндылықтар, отбасындағы балаларды тәрбиелеу ерекшеліктері) ______________________

**4**.Отбасы мүшесінің тегін, атын, әкесінің атын (бар болса) көрсете отырып, еңбектегі, спорттық, шығармашылық, зияткерлік, ғылыми, қоғамдық пайдалы (волонтерлік, қайырымдылық, меценаттық, тәлімгерлік) қызметтегі отбасының (немесе отбасы мүшелерінің) жетістіктері:

__________________________________________________________

**5**.Наградалардың, сыйақылардың болуы (грамоталардың, алғыс хаттардың, дипломдардың, сертификаттардың көшірмелерін қоса бере отырып)

__________________________________________________________

**6**.Отбасы мүшелерінің қоғамдық қызметін көрсететін әлеуметтік желілердегі аккаунтқа сілтеме (бар болса)

__________________________________________________________

**7**.Отбасылық фотосуреттер (электрондық нұсқасымен бірге 5 данадан аспайтын)

**8**.Отбасының таныстыратын (ұзақтығы 2 минуттан аспайтын) бейнеролик

**9**.Өзге де құжаттар ___________________________________________

**Қолы** __________ **Күні** __________

**“Приозерск қаласының Ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі” ММ**

ҚАЛА ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА К СВЕДЕНИЮ ЖИТЕЛЕЙ ГОРОДА

# ПРИОЗЕРСК ҚАЛАСЫ ӘКІМІ Қ.А.КАМЗИННІҢ 2021 ЖЫЛДЫҢ 5 АҚПАНДАҒЫ ХАЛЫҚ АЛДЫНДАҒЫ ЕСЕПТІ КЕЗДЕСУ БАРЫСЫНДА АЙТЫЛҒАН ХАЛЫҚТЫҢ ҰСЫНЫСТАРЫ МЕН ЕСКЕРТУЛЕРІН ІСКЕ АСЫРУ ЖӨНІНДЕГІ ІС-ШАРАЛАРДЫҢ ОРЫНДАЛУЫ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

*2021 жылғы 1 сәуірдегі жағдайы бойынша*

| № | Айтылған ескертулер / ұсыныстар | Ескертулерді/ ұсыныстарды іске асыру бойынша іс-шаралар мен орындалу | Жауапты тұлға | Ескертпе |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| 1 | **Тян В. (Telegrambot)** Мен бұрын Космановтар 3/2 үйінің жанына ойын алаңына еркін өту үшін компенсатор орнатуды сұрап жаздым, маған белгілі бір мерзімге дейін көпір орнатылады деп жауап берді. Өкінішке орай, ол әлі орнатылғанжоқ. | Наурыз 2021ж. | Приозерск қаласы әкімінің орынбасары Саденов Д.Ш., «Приозерск қ. ТҮКШ, ЖК, АЖ және ТИ бөлімі» ММ басшысы Айдарханов Т.А., «ТҮҚҚБ» КМК директорының м. а Курец С. В. | 16.03.2021 ж. "ТҮҚҚБ" КМК жылу желілерінің теңгерім ұстаушысы Космонавтов көшесіндегі №3/2 үйдің жанына жылу құбыры арқылы өтпелі көпір орнатты. **Бақылаудан алынды.** |
| 2 | **Айдана (Telegrambot)** Салеметсіздерме, кешіресіздер әрине орынды сұрақпа, сұрақ емеспа білмеймін, бірақ полуостровта окорачканың кг бағасы неге 1000 тг? Қалада барлық жерде 650-750. Барлық жерге бір бағамен келедіғой. Продуктының бағасы полуостровта ұшып тұр. | Наурыз 2021ж. | Приозерск қаласы әкімінің орынбасары Саденов Д.Ш., «Приозерск қ. кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі» ММ басшысы Жүсіпов А.Ж. | «Приозерск қ. кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі» ММ қызметкерлері әр апта сайын әлеуметтік маңызы бар азық түлік бағаларына мониторинг жүргізіп отырады. Қаланың Жартытүбек (Полуостров) бөлігіндегі дүкендерде тауықтың аяғының бағасы мониторинг жүргізу барысында 900-1 000 тг. екені белгілі болған. Бүгінгі таңда кәсіпкерлермен дүкендерде тауықтың аяғының бағасы 650-750 тг. (өнім өндірушілердің көтерме бағасына байланысты) асырмау керек екендігі ескертілді. Сонымен қатар қаламызға көтерме бағамен азық түлік жеткізуші кәсіпкермен қаланың Жартытүбек бөлігінде орналасқан дүкендерге де жоғарыда аталған тауар түрін арзан бағамен жеткізу бойынша жұмыстар жүргізілуде. **Бақылаудан алынды.** |
| 3 | **samal_zhanalieva (Instagram)** Салеметсізбе? Транспортная көшесіне 2020 ж. жаз айында үйдің сыртына ОАЭЖанадан счетчик қойған болатын. Содан бері әр айда 20-22 мыңға счет келеді. Олардыңқай уақытта келіп, қалай счетчик көрсеткіштерін алатынында білмейміз. Осыған орай, тексеру жүргізуге көмек берсеңіз. | Наурыз 2021ж. | Приозерск қаласы әкімінің орынбасары Саденов Д. Ш., «Приозерск қ. ТҮКШ, ЖК, АЖ және ТИ бөлімі» ММ басшысы Айдарханов Т. А., «ҚазэнергоЦентр» ЖШС басшысы Шарапорина И. Г., (келісім бойынша) ОАЭЖ БЭЖ «ЖТЭК» ЖШС басшысы Салықбаев Р. (келісім бойынша) | 2021 жылдың 17 наурызында Оңтүстік аудан электр желілері ф.БЭЖ «ЖТЭК» АҚ– ның Приозерск қаласы бойынша бөлімшесіндегі электр маманымен және «Приозерск қаласының тұрғын – үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» ММ– нің мамандарының қатысуымен электр есептеуішке тексеру жүргізілді. Тексеру барысында, үйдің электр есептеуішіне сыртган басқа электр жүйелері қосылмағанын, электр есептеуіш құралы жұмысын дұрыс атқарып тұрғаны белгілі болды. Үй иесі әр айда есептік кезең уақытысында электрмен жабдықтаушы мекеме мамандарымен бірге электр энергия көрсеткішін бірге барып түсіруге құқылы. Сонымен қоса, электрмен жабдықтаушы мекеме өзара келісім – шарттың талаптарын орындамаған жағдайда, даулы сұрақтарды шешу үшін үй иесі сотқа жүгіне алады. **Бақылаудан алынды.** |

**“Қарағанды облысы Приозерск қаласы әкімінің аппараты” ММ**

# ИНФОРМАЦИЯ ОБ ИСПОЛНЕНИИ ПЛАНА МЕРОПРИЯТИЙ ПО РЕАЛИЗАЦИИ ПРЕДЛОЖЕНИЙ И ЗАМЕЧАНИЙ НАСЕЛЕНИЯ, ПОСТУПИВШИХ В ХОДЕ ПРОВЕДЕНИЯ ОТЧЁТНОЙ ВСТРЕЧИ АКИМА Г. ПРИОЗЕРСК КАМЗИНА К.А. 5 ФЕВРАЛЯ 2021 ГОДА

*по состоянию на 01.04.2021 г.*

| № | Высказанные замечания/предложения | Сроки исполнения и мероприятия по реализации замечаний/ предложений | Ответственное лицо | Примечание |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| 1 | **Тян В. (Telegram bot)** Ранее писала с просьбой установить компенсатор возле дома Космонавтов 3/2, для свободного прохода к детской площадке, на что мне ответили, что будет установлен мостик до определенного числа. Увы, его так и не появилось. | Март 2021г. | Заместитель акима г. Приозерск Саденов Д. Ш., Руководитель ГУ «Отдел ЖКХ, АД, ПТ и ТИ г. Приозерск» Айдарханов Т. А., и.о. директора КГП «УЖКР» Курец С. В. | 16.03.2021 г. балансодержателем тепловых сетей КГП «УЖКР», установлен переходный мостик через тепловой трубопровод возле дома №3/2 по ул. Космонавтов. **Снято с контроля** |
| 2 | **Айдана (Telegram bot)** Здравствуйте! Почему цена на окорочка за кг на полуострове 1000тг? В городе везде 650-750 тг., везде по одной цене. Цены на продукты дорогие на Полуострове. | Март 2021г. | Заместитель акима г. Приозерск Саденов Д. Ш., Руководитель ГУ «Отдел предпринимательства и сельского хозяйства г. Приозерск» А. Жусипов | Сотрудники ГУ «Отдел предпринимательства и сельского хозяйства г. Приозерск» еженедельно проводят мониторинг цен на социально значимые продукты питания. В ходе проведения мониторинга стало известно что цены на куриные ножки в магазинах на Полуострове 900-1 000 тг. На сегодняшний день предпринимателям были даны разъяснения о том что цены на куриные ножки 650-750 тг. (в зависимости от оптовых цен производителей), что не следует превышать цены. Кроме того, предпринимателем-поставщиком продуктов питания по оптовым ценам в наш город ведется работа по поставке вышеуказанного вида товаров по низким ценам в магазины, расположенные в полупустой части города. **Снято с контроля** |

*(окончание на стр.3)*

ҚАЛА ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА | К СВЕДЕНИЮ ЖИТЕЛЕЙ ГОРОДА

# ИНФОРМАЦИЯ ОБ ИСПОЛНЕНИИ ПЛАНА МЕРОПРИЯТИЙ ПО РЕАЛИЗАЦИИ ПРЕДЛОЖЕНИЙ И ЗАМЕЧАНИЙ НАСЕЛЕНИЯ, ПОСТУПИВШИХ В ХОДЕ ПРОВЕДЕНИЯ ОТЧЁТНОЙ ВСТРЕЧИ АКИМА Г. ПРИОЗЕРСК КАМЗИНА К.А. 5 ФЕВРАЛЯ 2021 ГОДА

*(окончание. начало на стр. 2)*

*по состоянию на 01.04.2021 г.*

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 3 | **samal_zhanalieva ((Instagram)**<br>Здравствуйте! Летом 2020 года на улице Транспортной был установлен новый счетчик за домом сотрудниками АО ЖРЭК ЮРЭС. С тех пор каждый месяц приходит счет на сумму 20-22 тыс. Мы даже не знаем, в какое время они приходят и как снимают показания счетчика. Прошу рассмотреть данный вопрос. | Март 2021г. | Заместитель акима г. Приозерск Саденов Д. Ш., Руководитель ГУ «Отдел ЖКХ, АД, ПТ и ТИ г. Приозерск» Айдарханов Т.А., Начальник ТОО «КазЭнергоЦентр» Шарашорина И. Г. (по согласованию) директор АО ЖРЭК «ЮРЭС» Салыкбаев Р. (по согласованию) | 17 марта 2021 года с участием электро– специалиста отделении АО ЖРЭК ЮРЭС по г. Приозерск и специалистов ГУ "Отдел жилищно – коммунального хозяйства, пассажирского транспорта, автомобильных дорог и жилищной инспекции г. Приозерск" проведена проверка электросчетчика.<br>В ходе проверки выяснилось, что к электросчетчику данного дома не подключены посторонние электрические системы, прибор учета электроэнергии исправно работает.<br>Каждый месяц владелец дома имеет право совместно со специалистами энергоснабжающей организации снимать показатели электроэнергии за отчетный период.<br>Кроме того, в случае невыполнения энергоснабжающей организацией условий взаимного договора владелец дома может обратиться в суд за разрешением спорных вопросов.<br>**Снято с контроля** |

**ГУ “Аппарат акима города Приозерск”**

*Бір ел - бір кітап*

# ОТЫЗ ЖЫЛДЫҚҚА ОТЫЗ КІТАП

«Бір ел-бір кітап» республикалық акциясы оқырмандар арасында өз орнын тауып келеді. Аталмыш жоба қазақ әдебиетінің қазыналы туындыларын насихаттау, оқу мәдениетін қолдау және дамыту, жастарды рухани және патриоттық тәрбиеге баулуға бағытталған Қазақстан Республикалық Мәдениет және спорт министрлігінің қолдауымен Қазақстан Республикасының Ұлттық академиялық кітапханасының ұйымдастыруымен 15 жыл қатарынан келе жатқан акция. Акция аясында таңдалған кітаптар республика, облыс, қала, аудан, ауыл және барлық мектеп кітпханаларында кеңінен насихатталатын болады.

2021 жылдың жыл кітаптарын таңдау «Бір ел-бір кітап» акциясы бұл жолы ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай, жалпы оқуға «Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығына-30 кітап» рухани-мәдени акциясы ұсынылып отыр. Акция аясында оқылатын кітаптар сөз тыңдау, ата дәстүрін құрметтеу, рух, үлкенді сыйлау, шынайы қасиеттерді сүйіп толғанулармен оқырман жүрегінде орын табады деген сенімдеміз. Сол себепті кітапханадан келіп, алып оқуларыңызға болады. Назарларыңызға «Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығына-30 кітап»-тың тізімін ұсынамыз.

***Поэзия***

1.Мұқағали Мақатаев «Өмірдастан»
2.Жұмекен Нәжімеденов «Менің Қазақстаным»
3. Ұлықбек Есдәулет «Киіз кітап»
4.Серік Ақсұңқарұлы «Көкейімде Күлтегіннің жазуы»
5.Тоқтарәлі Таңжарық «Түн парақтары»
6.Бақытжан Қанапиянов «Достояние души»

***Проза***

1.Тынымбай Нұрмағамбетов «Періштелердің өлімі»
2. Тобық Жармағамбетов «Отамалы»
3. Сәуле Досжан «Қасірет пен тағдыр»
4.Юрий Серебрянский «Дәмді де пайдалы қазақстандық әдебиет»
5.Дәурен Қуат «Бөрісоқпақ»
6.Тұрысбек Сәукетай «Желқайық»

***Драматургия***

1.Рахымжан Отарбаев «Айна ғұмыр» пьесалар жинағы
2.Дулат Исабеков «Жеті желкен» пьесалар жинағы
3.Мадина Омарова «Көмбе нанның дәмі»
4.Иран-Ғайып «Қорқыттың көрі» пьесалар жинағы
5.Думан Рамазан «Пешене» пьесалар жинағы
6.Сая Қасымбек «Жанталас»

***Балалар әдебиеті***

1. Ыбырай Алтынсарин «Өнер-білім бар жұрттар»
2.Бердібек Соқпақбаев «Жекпе-жек»
3.Марат Қабанбаев «Жиһангез Тити»
4.Толымбек Әбдірайым «Алабұға аулаған күн»
5.Зира Наурызбаева, Лиля Калаус «Алтын тостағанды іздеу»
6.Мәди Айымбетов «Бар болғаны он төрт жас»

***Аударма***

1.Юсупов Кеңес. Габриель Гарсиа Маркес «Жүз жылдық жалғыздық»
2.Әдетов Бекболат. Эрих Мария Ремарк «Аманат өмір»
3.Ахметов Әділ. Агата Кристи «Ғайып болған миллион»
4.Меллат Төлеген. Халид Хусейн «Жарқыраған мың күн»
5.Мәзен Динара. Ж.К. Роулинг «Хәрри Поттер мен жасырын бөлме»
6.Құрметұлы Амангелді. Орхан Памук «Менің атым – Қырмызы»

**П.С. Кенжебекова,**
***«Приозерск қалалық кітапханасы» КММ-ның директоры***

# 2021 ГОД – ГОД ДЕТСКОЙ ЛИТЕРАТУРЫ

На IV заседании Национального совета общественного доверия Президент Касым-Жомарт Токаев обозначил несколько важных шагов для развития и будущего страны. Из них он указал на проблемы детского и юношеского чтения. Особое внимание было уделено библиотекам, которые являются колыбелью духовности страны. «В современном мире без книг и библиотек человеческое развитие невозможно. Библиотеки во всем мире - это центр образования и культуры, место новых идей. Несмотря на стремительное развитие электронного формата, образовательная роль традиционной библиотеки никогда не потеряет свое значение», - сказал Президент.

**Внесение таких современных открытий в библиотеки страны - дальновидный шаг будущего государства, которое уделяет внимание будущему своего поколения. Поэтому было предложено обозначить 2021 год как «Год детской литературы».**

Литература, книги – это то, без чего немыслима жизнь человека. Книга является духовной пищей, которая обогащает детей в различных сферах: творческой, коммуникативной, познавательной, эстетической, эмоциональной. Кроме того, она играет огромную роль в социальном развитии ребёнка, прививает ему те или иные навыки общения, оказывая влияние на социализацию. Сегодня издаётся много детских книг в различных жанрах: сказки, стихотворения, фэнтези, роман, фантастика, детектив, очерки, новелла, выход жанров комиксов, таких как «Гравити-фолз», на казахском языке, с национальным колоритом, с учетом высокого интереса детей раннего возраста, переводы большого количества зарубежных книг-бестселлеров, таких как «Гарри Поттер» и др. В современной детской литературе учитываются те перемены, те события, которые сейчас происходят в мире.

Особенно в условиях нынешней пандемии, когда изоляция и возрастающая зависимость детей и под-ростков, сидящих дома, от телефона, становится все более актуальной проблема потребности познавательных журналов в обществе.

Возобновляются и повышаются эстетические качества журналов для детей «Балдырған», «Айголек», «Мөлдір бұлақ» и др., а также уделяют внимание к качеству стихотворений, сказок, удобных для запоминания детьми.

Большим спросом пользуются книги, которые часто читают наши юные читатели: сборник «Ертегілер», «Батырлар жыры», классические образцы мировой литературы и художественной литературы, а также журналы «Бала би», «Мөлдір Бұлақ», «Жыл он екі ай», «Айгөлек» и др.

Из выше сказанного, заключаем, что как и всё в этом мире, литература развивается, преобразуется. Приобщение детей к чтению с раннего возраста – залог того, что в будущем они станут сознательной нацией. Поэтому, поддерживая поручение президента по новому развитию детских библиотек, мы приложим все усилия для реализации этих планов, и надеемся что взрослые, в частности родители помогут в этом проекте. Ведь это наши дети и кому, как ни нам, воспитать из них достойных граждан своей страны.

**Г.Р. Ермагамбетова,**
**библиотекарь детского отдела КГУ «Приозерская городская библиотека»**

*Мұқтаж жандарға көмек*

# КОРОНАВИРУСТЫҚ ИНФЕКЦИЯҒА БАЙЛАНЫСТЫ ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ КЕЗІНДЕГІ АТАУЛЫ ӘЛЕУМЕТТІК КӨМЕК АЛУ ЖОЛДАРЫ

Атаулы әлеуметтік көмек - аз қамтылған және табысы төмен азаматтар мен отбасыларға, соның ішінде көп балалы отбасыларға берілетін ақшалай көмек. Бүгінгі таңда АӘК төлеу механизімі құжат тапсыру кезінде отбасының соңғы 3 айдағы табысы мен сол айға бекітілген кедейшілік шегі ескеріле отырып, жүзеге асырылады. Сөйтіп, отбасының жан басына шаққандағы табысы мен кедейшілік шегі арасындағы айырма АӘК мөлшерін құрап, өтініш берген отбасыға бір тоқсанға тағайындалады. Кедейшілік шегі дегеніміз – ең төменгі күнкөріс мөлшерінің 70 пайызы. 2021 жылға Қарағанды облысы бойынша ең төменгі күн көріс мөлшері – 32 315 теңге болса, 1-ші тоқсанға бекітілген кедейшілік шегі – 22 621 теңгені құрайды. 2021 жылдың қаңтар айынан бастап мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмекке өтінішті «Электрондық үкімет» веб-порталындағы «Электрондық өтініш» сервисі арқылы электрондық өтініш негізінде жүзеге асырылады. Көрсетілетін қызметті алушы Сервис арқылы өтініш берген кезде тиісті мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына сәйкес өтінішті толтырады, сондай-ақ тиісті Стандарттың 9-тармағында көрсетілген құжаттардың сканерленген нұсқаларын қамтитын электрондық файлдарды қоса береді және электрондық цифрлық қолтаңбамен қол қояды.

Мемлекеттік қызмет көрсету (көрсетуден бас тарту) нәтижесі туралы хабарлама көрсетілетін қызметті алушының ұялы байланыстың абоненттік нөміріне sms-хабарлама арқылы жіберіледі немесе «Электрондық үкімет» сервисі арқылы келіп түскен өтінішке жауап түрінде жіберіледі.

Айта кетсек ағымдағы жылдың 1-ші тоқсанында Приозерск қаласында АӘК 55 отбасыға тағайындалып, 4 088,3 мың. теңге төленді. Оған қоса 1-ші тоқсан бойынша АӘК алушы 37 отбасының 1 ден 6 жасқа дейінгі балаларына, яғни 49 балаға соммасы 1188,3 мың теңгені құрайтын кепілдендірілген әлеуметтік азық-түлік жиынтығы табысталды.

2021 жылдан бастап атаулы әлеуметтік көмек (АӘК) алушы отбасылардың 1 жастан 6 жасқа дейінгі балаларына берілетін кепілдендірілген әлеуметтік топтамамен қамтамасыз ету Әлеуметтік қызметтер порталына ауыстырылады.

Порталды енгізу әлеуметтік топтамамен қамтамасыз ету қызметтеріне тең қолжетімділікті, үйден шықпай-ақ «бір терезе» арқылы уақтылы әлеуметтік көмек көрсетуді, сондай-ақ жеткізушілер туралы ақпаратты алуды қамтамасыз етеді. Бұл адал бәсекелестікті арттыруға мүмкіндік беріп, әлеуетті қызмет көрсетушілердің ашықтығын қамтамасыз етеді.

Атаулы әлеуметтік көмек тағайындау мәселелері бойынша кеңестерді бірыңғай байланыс-орталығының "111" нөмірі арқылы немесе Приозерск қаласы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту орталығының 5-27-88 байланыс телефоны арқылы ақпарат алуға болады.

**Е. Сүлейменов,**
***Приозерск қаласы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту орталығының әлеуметтік жұмыс жөніндегі маманы***

ҚАЛА ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА

# ЖЕР ТЕЛІМДЕРІНІҢ АУКЦИОНЫ

**«Приозерск қаласының жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімі» ММ, 2021 жылғы 30 сәуір 16.00-де Приозерск қаласы, Балхаш көшесі, 5 үй, 2 қабат, мәжіліс залында жер учаскелерін сату және жалға алу құқығын сату бойынша аукцион өткізілетінін хабарлайды:**

**Толығырақ ақпаратты келесі телефон нөмірі арқылы біле аласыз: 8(71039)53248.** Сауда жүргізілетінін жер учаскелері сайттарында орналастырылған:

**https://www.gov.kz/memleket/entities/zem-priozersk/documents/details/149765?lang=kk**

**https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-priozersk/documents/details/149800?lang=kk**

Аукционға қатысушылар кепілдік жарна салуы қажет. Қатысушылар кез келген мөлшерде кепілдік жарна салуға құқылы, бұл ретте бір кепілдік жарна тек бір жер учаскесін сатып алуға немесе жалға алуға құқық береді. Кепілдік жарнаны қатысушының атынан басқа кез келген жеке немесе заңды тұлғалар салуға болады.

Келісім шартқа қол қойған күннен бастап сатып алу төлемі келесі тәртіппен жүргізіледі:

1) бес күн ішінде елу пайыз көлемінде аванс төлемі;

2) сатып алу келісім шартқа қол қойған күннен бастап отыз күнтізбелік күннен аспай қалған соммасы енгізіледі;

Аукционға қатысушы ретінде тіркелу үшін келесіні ұсыну қажет:

аукционға қатысу өтініші (формамен);

жеке басын кәландыратын құжат (көшірмесі);

3) төлем құжаты, кепіл жарнасын енгізгенін дәлелі;

4) өкілдің өкілеттігін дәлелдейтін құжат.

Аукционға қатысу өтініші, Приозерск қаласы, Балхаш көшесі, 5 үй, 3 қабат, № 303 кабинетте 2021 жылдың 28 сәуірге дейін сағат 09.00-ден 16.00-ге дейін (13.00-ден 14.30-ға дейін үзіліс) қабылданады. **Ақпарат телефоны 5-32-48.**

Аукционға қатысушыларды тіркеу хабарлама берілген күннен бастап жүргізіледі.

**Сатуды өткізу тәсілі – ағылшындық.**

**«Приозерск қаласының жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімі» ММ**

К СВЕДЕНИЮ ЖИТЕЛЕЙ ГОРОДА

# АУКЦИОН ЗЕМЕЛЬНЫХ УЧАСТКОВ

**ГУ «Отдел земельных отношений, архитерктуры и градостроительства города Приозерск» сообщает, что 30 апреля 2021 года в 16.00 часов в городе Приозерск, улица Балхашская, дом 5, 2 этаж, в актовом зале состоится аукцион по продаже земельных участков и права аренды.**

**Более подробную информацию можете получить по телефону: 8(71039)53248.**

Земельные участки, выставлямые на торги, опубликованы на сайте:

**https://www.gov.kz/memleket/entities/zem-priozersk/documents/details/149765?lang=ru**

**https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-priozersk/documents/details/149800?lang=ru**

Для участия в аукционе необходимо внести гарантийный взнос. Участники вправе внести любое количество гарантийных взносов, при этом один гарантийный взнос дает право покупку одного земельного участка. Гарантийный взнос может быть внесен от имени участника любым другим физическим или юридическим лицом.

Оплата выкупа производится со дня подписания договора в следующем порядке:

1) авансовый платеж в размере пятидесяти процентов в течение пяти дней;

2) оставшаяся сумма вносится не позднее тридцати календарных дней со дня подписания договора купли-продажи.

Для регистрации в качестве участника аукциона необходимо предоставить:

заявку на участие в аукционе (по форме);

документ, удостоверяющий личность (копию);

платежный документ, подтверждающий внесение гарантийного взноса;

4) документ, удостоверяющий полномочия представителя.

Заявки на участие в аукционе принимаются по адресу: г.Приозерск, улица Балхашская, дом 5, 3 этаж, кабинет № 303 до 28 апреля 2021 года с 09.00 до 16.00 часов (обеденный перерыв с 13.00 до 14.30). **Справки по телефону 8(71039)53248**.

Регистрация участников аукциона производится со дня публикации объявления и заканчивается за двадцать четыре часа до начала аукциона.

**Метод проведения торгов - англиский.**

**ГУ «Приозерский городской отдел земельных отношений, архитерктуры и градостроительства»**

*Бала тәрбиесі баршаға ортақ*

# КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАРМЕН ӘЛЕУМЕТТІК-ТӘРБИЕЛЕУ, СПОРТТЫҚ-САУЫҚТЫРУ ЖӘНЕ БОС УАҚЫТТЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ІС-ШАРАЛАРЫ

Кәмелетке толмағандармен әлеуметтік-тәрбиелеу, спорттық-сауықтыру және бос уақытты ұйымдастыру мақсатында «Приозерск қаласының дене шынықтыру және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесінің ұйымдастыруымен өткізілетін спорттық-бұқаралық іс – шаралардың саны жыл сайын ұлғаюда: 2018 жылы-2 млн. 110 мың теңгеге 56 іс-шара (3800-ден астам қатысушы), 2019 жылы-4 158 адамды қамти отырып, 1 млн. 692 мың теңгеге 58 іс-шара (3 000-нан астам қатысушы), 2020 жылдың 18 іс-шара (800-ден астам қатысушы). 2021 жылда пандемияға байланысты жыл сайынғы жоспарланған іс-шаралар толық көлемде өткізілмейді деген қауіп бар.

Приозерск қаласында дене шынықтыру және спорт бөлімімен 30 спорт ғимараттары жұмыс істейді. Сонымен қатар спорт және халықтың салауатты өмір салтын қалыптастыру саласында 41 маман (дене шынықтыру мұғалімі, жаттықтырушы-оқытушы, спорт бойынша нұсқаушы) жұмыс істейді, оның ішінде 32 маман жоғары білімді.

Кәмелетке толмағандармен әлеуметтік-тәрбиелеу, спорттық-сауықтыру және бос уақытты ұйымдастыру мақсатында "Достық" балалар-жасөспірімдер шығармашылық орталығында 10 спорттық секция жұмыс істейді. Олар волейбол, тоғызқұмалақ, футбол, бокс, бокс 2, қазақ күресі, дойбы, жүзу, қоян-қолтық ұрыс және үстел теннисі секциялары. Жалпы шұғылданушылар саны – 508 адам. Сонымен қатар Приозерск қаласының Транспортная 17 көшесінде орналасқан «Приозерск қаласының орталық ауруханасы» КМК ғимаратында орналасқан «Қайнар» балалар аула клубында 4 секция жұмыс істейді (үстел теннисі, дойбы, тоғызқұмалақ, ауыр атлетика). Жалпы шұғылданушылар саны – 32 адам. 2021 жылы кәмелетке толмағандарды әлеуметтік-тәрбиелеу, спорттық-сауықтыру және бос уақыттын тиімді пайдалану мақсатында қаламызда тағы бір балалар аула клубын ашу жоспарланып отыр. 2021 жылға жүйелі түрде спортпен тұрғындардың 33,5% айналысады. Бүгінгі күнге дене шынықтыру мен спорт бойынша қалалық стадионды күрделі жөндеуден өткізу қажеттілігі өзекті мәселелердің бірі болып отыр.

**Н. Стамкул,**
***Приозерск қаласының дене шынықтыру және спорт бөлімінің***
басшысы

ХАБАРЛАНДЫРУ *** ОБЪЯВЛЕНИЯ




ПАРИКМАХЕРСКАЯ «МИЛОЛИКА»
Предлагает услуги по мужской и женской стрижкам.
Ждем Вас по адресу: ул. Космонавтов, 5-107
Время работы: с 10.00 час. до 19.00час.
Выходной - Понедельник
****
Прием осуществляется строго по предварительной записи по телефону: 8-775-274-25-87 (Анталий)




**НАСЛЕДСТВЕННОЕ ДЕЛО**

открыто после смерти, **Ходжамуратовой Марзии Маликовны**, умершей 01 февраля 2021 года. Имеющимся наследникам обращаться к нотариусу Ахметову Р.Б. по адресу: г.Приозерск, ул.Кисунько, д.1Б, **тел. 8-775-1627005**

**НЕДВИЖИМОСТЬ**
**ПРОДАЮ ДОМ**
**Цена– 9 000 000 тенге. Возможен торг. г. Караганда, (город, пр.Кольцевой), 3 комн. - 120 м2. Ванна, центральная канализация, отопление на твердом топливе. Огород 6 сот., сарай, гараж, хоз.постройки. Тел.: 87070343737, (87212)44-30-35**

**Уважаемые жители города Приозерск!**
**Напоминаем, что точкой бесплатного распространения местной газеты “Приозерский вестник” является магазин №1 “Золушка”, расположенный на территории центрального городского рынка.**
**Контактный телефон: 8-777-103-8589**

**Собственник: ИП Струментов А.В.**
Газета «Приозерский вестник» зарегистрирована в Министерстве связи и информации Республики Казахстан 15.03.2004 г. №4843-Г. Свидетельство о переучете ППИ **№ 17414-Г** от 24.12.2018 г.
**Адрес редакции**: 101100 г.Приозерск, ул.Космонавтов, д.5, 106-107
**Справки по тел.** +7-705-981-86-79 (Гл. редактор), +7-702-604-02-60 (тех. редактор)
**E-mail**: prz_westnik@mail.ru **Веб-сайт**: www.prz_westnik.kz
Газета отпечатана в ТОО «Арко» г. Караганда, ул.Сатпаева 15, Заказ № 13/709. Тираж: 500 экз., объем-1 п.л., формат - А2, 4 стр.

**Главный редактор: Кенжебеков Б.А.**
**Технический редактор: Струментов А.В.**
**Для подачи частных объявлений и рекламы обращаться по тел: +7-705-466-60-63**
**Корреспонденция принимается на электронный адрес:** prz_westnik@mail.ru

Газета распространяется в местах продажи газет и журналов (киоски печати, магазины, рынки), в редакции и частными распространителями в г.Приозерске и г.Караганде, а также по подписке во всех городах и районах области.
**Подписной индекс - 65041**

*Письма, рукописи, фотографии и рисунки не рецензируются и не возвращаются. Ответственность за точность приведенных фактов, статистических данных, собственных имен, географических названий и других данных несут авторы публикаций. Редакция не несет ответственности за содержание рекламных объявлений. Мнение авторов может не совпадать с мнением редакции. Перепечатка материалов без согласия редакции запрещена.*